

**«АЗИЯЛЫҚ НЕСИЕ ҚОРЫ»  
МИКРОҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМЫ» ЖШС**

**«АНҚ» МҚҰ» ЖШС  
Қатысушыларының  
2023 жылғы «31»  
наурыз Жалпы  
Жиналысымен  
БЕКІТІЛГЕН**

# **МИКРОКРЕДИТТЕРДІ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Алматы қ., 2023 ж.**

## МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР.....	3
2. ӨТІНІМ БЕРУШІНІҢ МИРОКРЕДИТТІ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ .....	3
3. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУТ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ .....	3
4. МИКРОКРЕДИТТЕРДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ ЖӘНЕ БЕРУ МЕРЗІМДЕРІ .....	4
5. МИКРОКРЕДИТТІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН СЫЙЛЫҚАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ .....	5
6. БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕРГЕ СЫЙЛЫАҚЫЛАР ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ .....	5
7. ҚАБЫЛДАНАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП .....	5
8. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ .....	6
9. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	7
10. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУ ҚҰПИЯСЫ .....	7
11. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУДІҢ ӨЗГЕ ШАРТТАРЫ .....	8
12. ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҒДАЙЛАР.....	9
№1 Қосымша .....	10

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы №56-V ҚРЗ «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңына (бұдан әрі – «МҚ туралы заң»), уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ АНҚ жарғысына сәйкес әзірленген және кредитке өтініш беру тәртібі мен оны қарау, шарттар жасау, микрокредиттерді беру және өтеу тәртібін реттейді.
- 1.2. АНҚ жеке және топтық микрокредиттерді ұсынады. АНҚ микрокредиттерді беру шарттары Кредиттік саясатпен, сондай-ақ несиелеу процедураларымен айқындалады.
- 1.3. АНҚ қарыз алушылары болып жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – «Қарыз алушы») табыла алады.
- 1.4. АНҚ микрокредиттерді төлемділік, қайтарымдылық, мерзімділік, қамтамасыз етушілік, мақсатты пайдалану шарттарымен және микрокредитті беру туралы шартпен (бұдан әрі – «Микрокредитті беру туралы шарт») белгіленелетін шарттармен береді.

## **2. ӨТІНІМ БЕРУШІМЕН МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ**

- 2.1. Кредиттік маман клиенттермен телефон бойынша және тікелей орнына бару сатулар барысында, сондай-ақ компанияның кеңсесіне келетін клиенттермен консультациялар өткізеді. Консультациядан кейін әлеуетті клиенттерге микрокредитті алу мүмкіндігін қаару үшін өтінім беру ұсынылады.
- 2.2. Кредиттік маман несиелеу процесі ен микрокредитке өтінімді қарау мерзімдері, микрокредитті өтеумен (қайтарумен) байланысты комиссиялар және микрокредиттің өзге жағдайлары туралы толық және дұрыс ақпарат беруі тиіс.
- 2.3. Тінім беруші (бұдан әрі – «Өтінім беруші») АНҚ кеңсесіне микрокредит алу үшін жүгінген жағдайда кредиттік маманға Өтінім берушіні осы АНҚ микрокредиттерді беру Ережелерімен және АНҚ тарифтерімен, сондай-ақ осы Ережелерге 1 Қосымшада (1 және 2 Өтеу кестелерінің жобаларында) көрсетілген микрокредитті өтеу кестелерінің нұсқалармен таныстыру қажет.
- 2.4. Өтінім берушінің микрокредиттің нақты бір түрін алуға қызығушылық танытқан жағдайында кредиттік маманға Өтінім берушіге микрокредитті беруге өтінім беру үшін қажет құжаттар тізбесін ұсыну қажет.
- 2.5. Өтінім беруші кез келген сәтте, микрокредитті беру туралы шартты жасаудан бас тарта алады.
- 2.6. Микрокредитті қарау процесі несиелеу процедураларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 2.7. Өтінім берушінің өтінішін кредиттік өкілеттіктері бар АНҚ уәкілетті органы (тұлғасы) қарастырады. Бұл ретте, олар Өтінім берушінің микрокредитке өтінімі бойынша несие сомасы, мерзімі және басқа да жағдайларын қайта қарауға құқылы.
- 2.8. Берілетін кредиттік өкілеттіктер мен шешімдер қабылдау процедураларының негізгі шарттары несиелеу процедураларында белгіленген.

## **3. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ**

- 3.1. Кредиттік жобаны мақұлдағаннан және уәкілетті органның (тұлғаның) микрокредитті беру туралы шешімді қабылдағанынан кейін кредиттік маман ҚР қолданыстағы заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Шарттар дайындады.
- 3.2. Микрокредитті беру туралы шарт пен өзге де қажет шарттар жазбаша түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.
- 3.3. Шартта Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиісті түрдегі шарттар үшін белгілеген шарттар, тараптардың келісімі бойынша белгіленген шарттар, сондай-ақ келесідей міндетті шарттар бар:
  - 3.3.1. шарттың жалпы талаптары;
  - 3.3.2. қарыз алушының құқықтары;
  - 3.3.3. ұйымның құқықтары;
  - 3.3.4. ұйымның міндеттері;
  - 3.3.5. ұйым үшін шектеулер;
  - 3.3.6. міндеттемелерді бұзу үшін тараптардың жауапкершілігі;

- 3.3.7. шарттың талаптарына өзгертулер енгізу тәртібі.
- 3.4. Микрокредитті беру туралы Шарттың жалпы талаптары мыналарды қамтиды:
- 3.4.1. шартты жасау күнін;
  - 3.4.2. ұйымның атауы және қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) – заңды тұлғаның атауын;
  - 3.4.3. кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісім үшін микрокредит сомасы – микрокредиттің жалпы сомасын;
  - 3.4.4. микрокредитті өтеудің мерзімдері, микрокредитті беру (ашу) туралы келісім үшін – шарттың жалпы сомасын;
  - 3.4.5. шарт жасалған күнгі сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен көрсетілген мөлшерін, сыйақының "Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19677 болып тіркелген 2019 жылғы 26 қарашадағы № 208 қаулысына сәйкес есептелген жылдық тиімді мөлшерлемесінің (микрокредиттің нақты құнының) мөлшерін;
  - 3.4.6. микрокредитті өтеу тәсілін (қолма-қол ақша, қолма-қол ақшасыз тәртіппен);
  - 3.4.7. микрокредитті өтеу әдісін: аннуитеттік немесе дифференциалды, не микрокредиттерді беру қағидаларына сәйкес басқа әдісті;
  - 3.4.8. микрокредитті өтеу тәсілін (біржолғы не бөліктермен);
  - 3.4.9. ұйымның банктік шотының деректемелері – ақша қаражаттарын қолма-қол ақшасыз есептеу үшін), сондай-ақ микрокредитті өтеу үшін қолма-қол ақша қаражаттарын қабылдайтын ұйымдардың мекенжайлары;
  - 3.4.10. микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігін;
  - 3.4.11. негізгі борыштың уақтылы өтелмегені және сыйақының төленгені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібін және мөлшерін;
  - 3.4.12. қарыз алушының шарт (ол болса) бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етуді;
  - 3.4.13. қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда микроқаржы ұйымы қабылдайтын шараларды;
  - 3.4.14. шарттың қолданылу мерзімін;
  - 3.4.15. микроқаржы ұйымының пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы (ол болса) туралы деректерді;
  - 3.4.16. микроқаржы ұйымы шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың қарыз алушымен шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін талапты.
- 3.5. Кредиттік маман қарыз алушымен микрокредитті өтеу кестесін келіседі.
- 3.6. Қарыз алушы Микрокредиттерді беру шарттарының мәтінін, өтеу кетелері зерделейді және оны мақұлдаған жағдайда оған компанияның уәкілетті қызметкердің қатысуымен қол қояды.
- 3.7. Егер қарыз алушы болып мөрі бар заңды тұлға немесе жеке тұлға – жеке кәсіпкер табылса, онда қолтаңбасымен қатар Микрокредитті беру шарты мөр басумен бекітіледі.
- 3.8. Егер кредиттік өнімді беру шарттарымен көзделген болса, Қарыз алушы кепілгерлер/кепіл қоюшылармен бірге шарттарға (кепілге қою шарттары, кредиттік желіні беру туралы шарттар, кепілдік шарттары және т.с.с.).
- 3.9. Кепілзат мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын болса, Кепілге қоюшы кепілзат шарттарын уәкілетті мемлекеттік немесе өзге органдарда тіркейді.
- 3.10. Кредиттік маман Шарттардың бір данасын Қарыз алушыға/Кепілзат қоюшыға/Кепілгерге береді, басқа данасы кредиттік құжаттамада сақталады.

#### **4. МИКРОКРЕДИТТЕРДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ ЖӘНЕ БЕРУ МЕРЗІМДЕРІ**

- 4.1. АНҚ ұсынатын микрокредиттің шекті сомасы бір Қарыз алушыға республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген жиырма мың еселік айлық

есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

- 4.2. АНҚ келесі шекті мерзімдерге микрокредиттер ұсынады:
  - 4.2.1. 60 айға дейінгі мерзімге жеке микрокредиттер;
  - 4.2.2. 24 айға дейінгі мерзімге топтық микрокредиттер.

## **5. МИКРОКРЕДИТТИ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН СЫЙАҚЫЛАРДЫҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ**

- 5.1. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары АНҚ жарғысында көрсетілген АНҚ Жоғары Кредиттік комитетімен микрокредитті тәуекелінің дәрежесін бағалау негізінде бекітіледі.  
Жоғары Кредиттік комитет пайыздық мөлшерлемелерді сыйақының шекті мөлшерлемесіне дейін азайту немесе ұлғайту жағына қарай, жылдық тиімді мөлшерleme Қазақстан Республикасының заңнамасымен (МҚҰ туралы заң мен уәкілетті органның тиісті нормативтік құқықтық актілері) белгіленген шекті мөлшерлемеден аспайтын етіп қайта қарауға құқылы.
- 5.2. Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін белгілеу микрокредиттің негізгі сомасына пайыздық түрде жылдық мөлшерді есептеуден жүргізіледі.
- 5.3. Кредиттік өнімге байланысты кесімді пайыздық мөлшерleme жылдық 12%-дан 44%-ға дейін өзгеруі мүмкін.
- 5.4. Әр микрокредит үшін микрокредит сомасы мен мерзіміне қарай түрлі сыйақы мөлшерлемелері белгіленген.
- 5.5. Микрокредит беру туралы шартта міндетті түрде сыйақының номиналды жылдық мөлшерлемесі, сондай-ақ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі, оны есептеу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

## **6. БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

- 6.1. Микрокредитті пайдалану үшін Қарыз алушы АНҚ-ға ай сайынғы сыйақы төлейді.
- 6.2. Берілген микрокредитті пайдалану үшін сыйақы мөлшерлемесі Микрокредитті беру туралы шартта микрокредитті беру мерзіміне қарамастан, жылдық түрде көрсетіледі.
- 6.3. Микрокредит бойынша сыйақы микрокредитті пайдалану күндерінің нақты санына қарай есептелінеді. Есептеу кезінде 360 күнге тең күнтізбелік жыл пайдаланылады.
- 6.4. Қарыз алушының микрокредитті пайдалану үшін сыйақы төлеуі Микрокредитті беру туралы шартқа қоса тіркелетін өтеу кестесіне сәйкес жүргізіледі.
- 6.5. Микрокредитті өтеу кестесі дифференциалды төлемдер немесе аннуитетті төлемдер әдісімен өтеуді ескере отырып, жасалады.
- 6.6. Микрокредит бойынша кезекті төлемді өтеу күні өткізіп алған жағдайда сыйақы микрокредитті пайдаланудың нақты мерзімінің уақытына есептеледі, сондай-ақ Микрокредитті беру туралы шарттың талаптарына сәйкес мерзімін өткізіп алу үшін өсімпұл есептелінеді.

## **7. ҚАБЫЛДАНАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП**

- 7.1. Қарыз алушының Микрокредитті беру туралы шартқа сәйкес міндеттемелерін орындау кепілдік, кепілзат және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге тәсілдермен қамтамасыз етіледі.
- 7.2. Кепілгер ретінде жеке, сондай-ақ заңды тұлға бола алады. Бұл ретте кепілгер Қарыз алушымен бірге Қарыз алушының АНҚ алдында міндеттемелерді орындауы үшін ортақ жауапкершілікті көтереді. Егер кепілгерлер бірнеше болса, кепілгерлердің әрқайсысының жауапкершілігі және қарыз алушының АНҚ алдындағы жауапкершілігі ортақ болып табылады.
- 7.3. Кепіл беруші болып Қарыз алушының өзі, сондай-ақ үшінші тұлға да – жеке немесе заңды тұлға бола алады. Қарыз алушы болып табылмайтын Кепіл беруші, АНҚ мен Қарыз алушы арасында өзге жағдай туралы келісімге қол жетілмеген жағдайда кепілгер болуға міндетті.
- 7.4. Кепілге айналымна алынбаған немесе айналымда шектелмеген жылжитын және жылжымайтын мүлік қабылданады. АНҚ кепілге, МҚҰ туралы Заңмен көзделген заңды

тұлғалардың акциялары мен жарғылық капиталға қатысу үлестерін қоспағанда, заңды тұлғалардың акциялары немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерін қабылдамайды.

- 7.5. АНҚ кепілді микрокредитті өтеудің екінші көзі ретінде қарайды және келесі кепіл түрлерін қабылдайды:
- а. Жылжымайтын мүлік:
    - ғимараттар;
    - жер;
    - үй, пәтер;
    - өзге мүлік.
  - б. Жылжитын мүлік:
    - жеңіл, жүк және арнайы көлік;
    - жабдық, өндірістік жабдық;
    - тауарлар және дебиторлық берешек;
    - өзге.
  - д. Жеке мүлік.
  - е. Мал.
- 7.6. Кепілге қойылатын мүлікке меншік құқығы заңнамамен белгіленген тәртіпте ресімделуі тиіс.
- 7.7. Мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүліктің кепілі осы мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуі тиіс.
- 7.8. Топтық микрокредитті беру кезінде Қарыз алушылардың топтық ортақтастығы қағидаты қолданылады. Топтық микрокредит бойынша Қарыз алушылар топтық микрокредит сомасының бүкіл сомасын толық қайтару үшін Микрокредитті беру туралы шартқа сәйкес ортақ жауапкершілікті көтереді.

## 8. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 8.1. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі болып микрокредит бойынша нақты, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеумен жүргізілетін сыйақы мөлшерлемесі табылады.
- 8.2. Микрокредит бойынша тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген шекті мөлшерден аспауы тиіс.
- 8.3. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді мөлшерлемені есептеудің ережелерін уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.
- 8.4. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді мөлшерлеме келесі формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұнда:

- n – қарыз алушыға соңғы төлемнің ретін нөмірі;
- j – қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;
- S<sub>j</sub> – қарыз алушыға j-ші төлемнің сомасы;
- APR – жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;
- tj – микрокредитті беру күнінен бастап қарыз алушыға j-ші төлем жасау сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);
- m – қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;
- i – қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;
- P<sub>i</sub> – қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;
- ti – микрокредитті беру күнінен бастап қарыз алушының i-ші төлемі жасалған сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

## 9. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

- 9.1. Микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі Қарыз алушымен келісіледі және Өтеу кестесіне сәйкес төлем тәртібін қосқанда, Микрокредитті беру туралы шартта көрсетіледі.
- 9.2. Микрокредитті беру туралы шартты жасағанға дейін кредиттік маман Өтінім берушіге келесі өтеу әдістерімен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын беруі тиіс (Қағидаларға №1 Қосымша):

*аннуитеттің төлемдер әдісімен*, бұл кезде микрокредит бойынша берешекті өтеу микрокредиттің бүкіл мерзімі бойы, негізгі қарыз бойынша ұлғаятын төлемдерді және негізгі қарыздың қалдығына кезеңге есептелген сыйақы бойынша азаятын төлемдерді қосқанда, тең төлемдермен жүргізіледі. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшерлері басқаларынан өзгеше болуы мүмкін;

- *дифференциалды төлемдер әдісімен*, бұл кезде микрокредит бойынша берешекті өтеу, негізгі қарыз бойынша төлемдердің тең сомалары мен негізгі қарыздың қалығына кезең үшін есептелетін сыйақыны қосқанда, азаятын төлемдермен жүргізіледі.

Осы әдістер негізінде жеңілдік кезең, өтеуді кейінге қалдыру және басқасын қосатын аралас әдісі ұсынылды.

## 10. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУ ҚҰПИЯСЫ

- 10.1. АНҚ Қарыз алушылардың, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, операциялары туралы құпияларды сақтауға кепіл береді.
- 10.2. Микрокредитті беру құпиясына Қарыз алушылар, микрокредиттер мөлшерлері, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге талаптары, және микроқаржы ұйымының операциялары туралы мәліметтер кіреді.
- 10.3. Микрокредитті беру құпиясына тарату барысындағы микроқаржы ұйымының микрокредитті беру туралы жасалған шарттар туралы мәліметтер жатпайды.
- 10.4. Микрокредитті беру құпиясы тек қарыз алушыға, микроқаржы ұйымында оның жеке қатысуы сәтінде берілген қарыз алушының жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші тұлғаға, берілген микрокредиттер бойынша кредиттік бюроға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сондай-ақ осы Қағидалардың 10.5 тармағында көрсетілген тұлғаларға ашылуы мүмкін.
- 10.5. Қарыз алушылар, микрокредиттер мөлшерлері, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге талаптары, АНҚ жүргізетін операциялар туралы мәліметтер мыналарға:
- қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға: олар жүргізіп жатқан қылмыстық істер бойынша мөрмен расталған және прокурор санкция берген жазбаша сұрау салу негізінде;
  - прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына және Мемлекеттік күзет қызметіне: барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, оларды әшкерелеу және жолын кесу үшін қажетті ақпаратты беру туралы олардың талап етуі бойынша;
  - соттарға: олар жүргізіп жатқан істер бойынша соттың ұйғарымы, қаулысы, шешімі және үкімі негізінде;
  - мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: олар жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша әділет органдарының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған, сот орындаушысының прокурор санкциялаған қаулысы негізінде;;
  - прокурорға: оның құзыреті шегінде өзінің қарауында жатқан материал бойынша тексеру ісін жүргізу туралы қаулы негізінде;
  - салықтық әкімшілендіру мақсатында ғана мемлекеттік кіріс органдарына: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша нұсқама негізінде;
  - қарыз алушының өкілдеріне: сенімхат негізінде, жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы бойынша нотариат куәландырған сенімхат негізінде;
  - оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға: өзі жөнінде соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаға қатысты, банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін бес жыл ішіндегі

кезең үшін прокурордың санкциясымен беріледі.

- 10.6. Қарыз алушы, микрокредит мөлшері туралы, микрокредит беру туралы шарттың қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары жөніндегі мәліметтер қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, Қағидалардың 10.5 тармағында көзделген тұлғалардан басқа, жазбаша сұрау салу негізінде, сондай-ақ жазбаша сұрау негізінде беріледі:
- қарыз алушы өсиетінде көрсеткен тұлғаларға;
  - өздері жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша нотариустың мөрімен расталған, оның жазбаша сұрау салуы негізінде беріледі. Нотариустың жазбаша сұрау салуына қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі қоса берілуге тиіс;
  - шетелдік консулдық мекемелерге: олар жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша беріледі.
- 10.7. Микрокредит беру құпиясы банк омбудсманьына оның қарауында жатқан, қарыз алушылардың – жеке тұлғалардың өзі бойынша құқық (талап ету) ҚР «МҚҰ туралы» Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаға берілген микрокредит беру туралы шарттан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі жүгінулері бойынша ашылуы мүмкін.
- 10.8. Мыналар:
- кредиттік бюроларға микроқаржы ұйымдарының теріс ақпарат беруі және күнтізбелік жүз сексен күннен асатын мерзімі өткен берешегі жөнінде кредиттік тарих субъектісі туралы кредиттік бюролардың теріс ақпарат беруі;
  - микроқаржы ұйымдарының негізгі борыш және (немесе) есепке жазылған сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредитке байланысты ақпаратты ҚР «МҚҰ туралы» Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға беруі;
  - микроқаржы ұйымдарының коллекторлық агенттікке осы коллекторлық агенттікпен берешекті өндіріп алу туралы жасасқан шарт шеңберінде микрокредит жөнінде ақпарат беруі;
  - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және уәкілетті орган арасында ақпаратпен, соның ішінде микрокредитті беру құпиясын құрайтын мәліметтермен алмасу;
  - мемлекеттік органның лауазымды тұлғасымен немесе микроқаржы ұйымында басқарушылық функцияларды атқаратын тұлғасымен микрокредитті беру құпиясын құрайтын құжаттар және мәліметтерді қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламаны жіберу кезінде растайтын құжаттар мен материалдар ретінде ұсынуы;
  - Шарт негізінде құпиялылық туралы талапты орындай отырып, АНҚ үшін бағдарламалық жабдықтамааны жүзеге асыратын 3 тұлғаға ақпаратты ұсыну микрокредит беру құпиясының ашылуы болып табылмайды.

## 11. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУДІҢ ӨЗГЕ ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 11.1. Алдын-ала консультация мен құжаттарды жинау бойынша кейінгі жұмыс АНҚ-ны микрокредитті беруге міндеттемейді. АНҚ Өтінім берушіге микрокредитті еруден, себептерін түсіндірусіз, бас тартуға құқылы.
- 11.2. Оң шешім қабылданған жағдайда микрокредитті беру барлық тиісінше ресімделген құжаттарды ұсыну және Микрокредитті беру туралы шартқа қол қойғаннан кейін, сондай-ақ, егер мұны микрокредиттің беру шарттары талап етсе, қажет болған жағдайда кепілзатты тіркеуден кейін жүзеге асырылады.
- 11.3. Микрокредиттер теңгемен, қолма-қол ақша, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз түрде екінші деңгейдегі банктегі Қарыз алушының шотына Микрокредитті беру туралы шартта көрсетілген деректемелер бойынша ақша қаражаттарын аудару арқылы беріледі.
- 11.4. Микрокредитті беру және өтеу тек ҚР ұлттық валютасымен – теңгемен, Микрокредитті беру туралы шартқа қоса тіркелетін өтеу кестесіне сәйкес АНҚ кассаларына немесе банктік шоттарына төлемдермен жүргізіледі.
- 11.5. АНҚ микрокредитті мақсатты пайдалануға бақылауды, мүлікті тексеру, растайтын құжаттарды тексеру, мәліметтерді сұрату, бизнесті жүргізу орнына баруды қосқанда, түрлі тәсілдермен жүргізуге құқылы, ал Қарыз алушы АНҚ-ның осындай бақылауды жүргізуге мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.



## **12. ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҒДАЙЛАР**

- 12.1. Осы Ережелер коммерциялық құпия мен құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерге жатпайды.
- 12.2. Осы Ережелердің мемлекеттік және орыс тілдерінені көшірмесі АНҚ кеңселерінде, мүдделі тұлғалардың Ережелерді көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде орналастыруға жатады.

## Өтеу кестелерінің жобалары

Микрокредит сомасы - 300 000 теңге

Сыйақы мөлшерлемесі – 45%

Микрокредит сомасы – 12 ай

ЖТСМ –55,52%

## Өтеу кестесінің жобасы №1 Аннуитет (Негізгі қарыз қалдығына сыйақы есептеу)

теңге

Төлем күні	Кезең үшін төлемдер			Негізгі қарыз (берешек) қалдығы
	Төлем сомасы	соның ішінде		
		Сыйақы	Негізгі қарыз	
1	2	3	4	5
01.01.2020				300 000.00
01.02.2020	31 503.69	11 250.00	20 253.69	279 746.31
01.03.2020	31 503.69	10 490.49	21 013.20	258 733.11
01.04.2020	31 503.69	9 702.49	21 801.20	236 931.91
01.05.2020	31 503.69	8 884.95	22 618.74	214 313.16
01.06.2020	31 503.69	8 036.74	23 466.95	190 846.22
01.07.2020	31 503.69	7 156.73	24 346.96	166 499.26
01.08.2020	31 503.69	6 243.72	25 259.97	141 239.29
01.09.2020	31 503.69	5 296.47	26 207.22	115 032.07
01.10.2020	31 503.69	4 313.70	27 189.99	87 842.09
01.11.2020	31 503.69	3 294.08	28 209.61	59 632.48
01.12.2020	31 503.69	2 236.22	29 267.47	30 365.00
01.01.2021	31 503.69	1 138.69	30 365.00	0.00
<b>Жиыны:</b>	<b>378 044,28</b>	<b>78044,28</b>	<b>300 000</b>	<b>2 081 180,9</b>
Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі:				55.52%

Микрокредит сомасы - 300 000 теңге

Сыйақы мөлшерлемесі – 45%

Микрокредит мерзімі – 12 ай

ЖТСМ –55,88%

**Өтеу кестесінің жобасы №2 Дифференциалды (Негізгі қарыз қалдығына сыйақы есептеу)**

теңге

Төлем күні	Кезең үшін төлемдер			Негізгі қарыз (берешек) қалдығы
	Төлем сомасы	соның ішінде		
		Сыйақы		
1	2	3	1	2
01.01.2020				300 000.00
01.02.2020	36 250.00	11 250.00	25 000.00	275 000.00
01.03.2020	35 312.50	10 312.50	25 000.00	250 000.00
01.04.2020	34 375.00	9 375.00	25 000.00	225 000.00
01.05.2020	33 437.50	8 437.50	25 000.00	200 000.00
01.06.2020	32 500.00	7 500.00	25 000.00	175 000.00
01.07.2020	31 562.50	6 562.50	25 000.00	150 000.00
01.08.2020	30 625.00	5 625.00	25 000.00	125 000.00
01.09.2020	29 687.50	4 687.50	25 000.00	100 000.00
01.10.2020	28 750.00	3 750.00	25 000.00	75 000.00
01.11.2020	27 812.50	2 812.50	25 000.00	50 000.00
01.12.2020	26 875.00	1 875.00	25 000.00	25 000.00
01.01.2021	25 937.50	937.50	25 000.00	0.00
<b>Жиыны:</b>	<b>373 125.0</b>	<b>73 125.0</b>	<b>300 000</b>	<b>1 950 000</b>
Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі:				55.53%